

Жаркент гуманитарлық – техникалық колледжі

**Жеке адам туралы түсінік. Жеке
тұлғаның психологиялық құрылымы.**


Каримбаев Ғ.К.

Тексерілді: _____
 Директордың ғылыми – әдістемелік
 ісі орынбасары: К.Б.Курабалдиева

Күні: 20.11.18	Пәні: Психология Тобы 201 Сабақ: №23				
Тақырыбы:	Жеке адам туралы түсінік. Жеке тұлғаның психологиялық құрылымы.				
Негізгі мақсаты:	Жеке адам туралы түсінік беру, психологиялық ерекшеліктерін насихаттау.				
Күтілетін нәтиже:	Жеке адам туралы түсінік алады, психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасай біледі.				
Бағалау критерийлері:	1.Топта ынтымақтастықпен жұмыс жасау 2. Ойын ашық, нақты жеткізу 3.Алған білімін қолдана алу				
Дереккөздер:	Оқулық: «Педагогика» Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж.Астана, 2013 Қосымша дереккөздер: Ғаламтор желілері				
Модульдер:	Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер Сыни тұрғыдан ойлануға үйрету Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау				
Әдіс-тәсілдер:	Түстер бойынша топқа бөлу Көзбен көрген әдістер негізінде сын тұрғысынан ойлау Зерттеушілік әңгіме «Кезбе – тілші» әдісі Табыс сатысы «кері байланыс» Бағалау				
Сабақ барысы:					
Сабақ барысы	Уақыты 45 минут	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар	
Ұйымдастыру кезеңі		Сәлемдесу. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сабақтың мақсат – міндеттерімен, сабақ барысында орындалатын тапсырмалар мен бағалау критерилерін таныстыру 	Сәлемдеседі. Назарларын сабаққа аударып. Сабақтың мақсат-міндеттерімен, сабақ барысында орындалатын тапсырмалар мен бағалау критерилерін танып біледі.	«Жалпы психология» Қадіржан Сейталиев. Алматы «Білім» 2007 «Психология» К.С.Жұмасова	

				«Фolia» 2006
 ТОПҚА БӨЛУ		ТҮСТЕР БОЙЫНША ТОПҚА БӨЛУ Оқушыларды өзіне ұнайтын түстеріне қарай алты топқа бөлу; Оқушыларды 3 түрлі-түсті дөңгелекшелер арқылы 3 топқа бөлу: 1. Мінез – құлық. 2. Қабілет. 3. Ерік – жігер. Оқушылар таңдаған түстері бойынша психологиялық мінездеме беру.  1. Ақ түс  Ақ түс – таза парақ, онда әлі де талай тарих жазылады. <i>Пәктік, тазалық</i> нышаны. Ақ түс әділдікті білдіреді. Еш бояуы жоқ ақ түс кіршіксіз сезімді көрсетеді. Пәк қалыңдықтар ақ көйлекті осы себеппен де киеді. Көк түс  Көк түс – жан тыныштығын, молшылықты, татулықты білдіреді. Ол адамдар мен қоғамды байланыстыратын негізгі дәнекер іспетті, бірлік, көпшілдік сезімнің, сенімнің түсі. Сондай-ақ, көк түсті ұнататындар өкпелегіш, сары уайымға салынғыш болып келеді. Әсіресе, көк түсті молшылықтың нышаны болғандықтан семіз келген адамдар ұнатады. Қызыл түс 	Оқушылар өзіне ұнайтын түсті дөңгелекшені таңдап алады. Оқушылар түстер бойынша топқа бөлінеді Оқушылар таңдаған түстері бойынша психологиялық мінездемелерін тыңдайды.	Түрлі – түсті қағаздар Интерактивті тақта. Түрлі түсті дөңгелекшелер Таратпа материалдар Интерактивті тақта Презентация Психологиялық мінездеме материалдары

		Қызыл түс адамның энергияға толы екенін көрсетеді. Өмірлік күшті, белсенділікті, нәтиже, сәттілікке қол жеткізу үшін барлық мүмкін болған талпынысты, бейімділікті, албырттықты, жеңіске деген жігерді, құлшынысты білдіреді. Бұл түсті таңдағандар - кез келген қиындыққа мойынсұнбайтын, күрескер, батыл адамдар		
«Көзбен көрген айғақтар негізінде сын тұрғысынан ойлау» (бейнежазба)		Жаңа тақырып түсіндіру мақсатында «Әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насір Әл-Фара би» бейне роликті көрсету арқылы студенттерге ой салып, сұрақтар қойылады. 	Бейнежазбадан көрген үзіндіні негізге ала отырып өз ойларын ортаға салып қарастырады, суреттейді, мысалдар келтіреді, бірін-бірі тыңдайды, түсінеді, өз сөздерімен баяндайды, сын тұрғысынан ойланады.	Бейнежазба
«Зерттеушілік әңгіме»		«Зерттеушілік әңгіме» әдісі бойынша жаңа тақырыпты оқып, талдап, бірігіп жұмыс жасауына жол ашу. 3 топқа бөлініп студенттер оқулық бойынша және АКТ қолдана отырып тақырыпшаларды талдау және түйген ойларын жинақтап ақпараттар легімен постер жасау, қорғау. 	Әр топ «Жеке адам туралы, жеке тұлғаның психологиялық құрылымы» тақырыбында бірлесе талдау жасап, түйген ойларын жинақтап, ақпараттар легімен бірлесе отырып, постер жасап, қорғайды.	«Жалпы психология» Қадіржан Сейталиев. Алматы «Білім» 2007 «Психология» К.С Жұмасова «Фолиант» 2006

«Кезбе – тілші» әдісі		Мұғалім студенттерге тақырыпқа байланысты сұрақтар қояды. 	Әр студент өзіне берілген сұрақтарға жауап береді және бір-біріне сұрақ қояды.	Микрофон
«ТАБЫС САТЫСЫ» КЕРІ БАЙЛАНЫС 		Тақырып бойынша рефлексия Кері байланыс «ТАБЫС САТЫСЫ» ӘДІСІ: (Кәдімгі сатының суреті) Сатының 1-баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН 2-баспалдағы Мен..... ТҮСІНЕМІН*, 3-баспалдағы Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН  	- Тақырып бойынша рефлексия Табыс сатысын толтырады. 1-баспалдағы Мен..... БІЛЕМІН 2-баспалдағы Мен..... ТҮСІНЕМІН*, 3-баспалдағы Мен..... ЖАСАЙ АЛАМЫН. 3 баспалдақ бойынша жауап жазады.	Интерактивті тақта А4 парағы Пломастерлер, Кәдімгі сатының суреті
Бағалау		Формативті бағалау. Критерий бойынша топ басшысының топ мүшелерін бағалауы. 	Ұсынылған критерий бойынша топ басшылары топ мүшелерін бағалау критерийлері арқылы бағалайды.	Топ тізімі мен бағалауға арналған кесте
Үйге берілетін тапсырма: «Мінездеме» әдісі	Әр студент бір-біріне психологиялық мінездеме беру.			Эссе

«Зерттеушілік әңгіме»

1 – топ:	Жеке тұлға туралы түсінік.
2 – топ:	Жеке тұлғаның психологиялық құрылымы
3 – топ:	Жеке тұлғаның психикалық қасиеттері

Кезбе тілшіге сұрақтар

Жеке тұлға туралы түсінік.

1. Адам неге биологиялық құбылыс? Сипаттама беріңіз.
2. Адам неге қоғамдық – әлеуметтік құбылыс? Түсіндіріңіз.
3. Даралық дегеніміз не?
4. Жеке тұлға дегеніміз не?
5. Жеке тұлғаны қандай қоғамдық ғылымдар зерттейді.

Жеке тұлғаның психологиялық құрылымы

1. Жеке тұлғаның психологиялық құрылымын атаңыз.
2. Психикалық үрдістер дегеніміз не?
3. Жеке тұлға құрылымының бөліктері қандай?
4. Мінез дегеніміз не?
5. «Басқару жүйесі» дегеніміз не?

Жеке тұлғаның психикалық қасиеттері

1. Психикалық қалып дегеніміз не?
2. Жеке тұлғаның психикалық қасиеттерін атаңыз.
3. Психикалық белсенділікті сипаттаңыз.
4. Оқиганы бейнелеу құбылысының үрдістері қандай?
5. Жеке тұлғаның дамуымен оның құрылымы қандай сипатта болады?

Мінез – құлық

Қабілет

Ерік – жігер

